

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС

«Самұрық-Қазына» АҚ ғылыми-техникалық кеңесі 2019 жылы құрылды. Ұлттық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін ҒЗТҚЖ және инновациялар бойынша жобаларды таңдау, есепке алу, мониторингілеу және бақылау, алқалы және транспарентті шешім қабылдау процесінде кеңестің негізгі рөлі болып табылады.

2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ ҒЗТҚЖ және инновациялар жөніндегі корпоративтік

стандарты жаңа редакцияда бекітілді, ол ҒЗТҚЖ және Қор тобының инновациялық портфелін басқарудағы бірыңғай тәсілді регламенттейді.

2024 жылы Ғылыми-техникалық кеңестің 11 отырысы өткізілді, оның қорытындысы бойынша 57 перспективалық жоба қаржыландыруға мақұлданды. Жалпы, ғылымизерттеу әзірлемелеріне 84-тен астам өтінім қаралды.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ (HSE)

2024 жылы Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті Қор компанияларындағы еңбек жағдайлары мен өндірістің апатсыздығын жақсарту бойынша үйлестіруді жалғастырды.

2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бұл комитет диалог, өзекті мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу және еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы стратегиялық бастамалар мен идеяларды ұсыну үшін платформа функцияларын тиімді орындайды.

2024 жылдың қыркүйегінде Комитеттің кезекті 39-шы отырысы Қордың корпоративтік басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі Басқарушы директорының төрағалығымен өткізілді, портфельдік компаниялардың бірінші басшыларына орындау үшін нақты тапсырмалар берілді.

Отырыс соңғы екі жылдың қорытындысы бойынша өндірістік қауіпсіздік саласында жүргізілген кросс аудиттердің нәтижелерін талқылауға арналды.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІ

Тұрақты даму комитеті ЖК Директорлар кеңестеріндегі Қордың Басқармасы мен Қор өкілдеріне ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ осы компаниялардағы тұрақты даму жөніндегі қызметті үйлестіру мақсатында құрылды. Комитет міндетінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Тұрақты даму қағидаттарын жоспарлы және үздіксіз ұстану жүйесін енгізу;
- Компанияның тұрақты даму стандарттарына адалдығын көрсететін мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін әзірлеу;

- Мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада олардың тұрақтылығына нұқсан келтірместен Қор мен ПК-нің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету.

2024 жылы отырыстар өткізілген жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Қор тобы шеңберінде ақпараттық қауіпсіздіктің бірыңғай жүйесін құруға және дамытуға қатысты Қор Басқармасына ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады. Ақпараттық қауіпсіздік комитеті ережесінің құрылымы қайта қаралды, оның шеңберінде Комитет қатысушыларының қатарына ақпараттық қауіпсіздікпен тікелей айналысатын Қор тобының қызметкерлері енгізілді.

Есепті кезеңде Қор тобындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің отырысы аясында АТ-

жабдықтарын түгендеу, ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін белсенді пайдалану, ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінің оқшауланған статусы бойынша ӨК және ЕТҰ ұйымдық құрылымын қайта қарау, Қорды ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары туралы уақтылы хабардар ету және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі қызметкерлердің лауазымдарына тағайындалатын үміткерлерді Қормен келісу мәселелері қаралды.

2024 жылы Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің 1 отырысы өтті.

Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Қордың жарғысына және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директорлар сыйақысының мөлшерін Жалғыз акционер айқындайды. Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді және олардың міндеттерін орындауға байланысты шығыстар өтеледі. Қордың төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарын Қордың Директорлар Кеңесі белгілейді. Олардың сыйақыларын анықтауда Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті шешуші рөл атқарады. Қордың төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйақы беру жүйесі Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қордың төрағасы мен Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарына сәйкес айқындалады және

оған тиісті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша лауазымдық жалақы, сыйақы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай біржолғы сыйлықақы кіреді. Тиісті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы қол жеткізілген табыстары мен жұмыс тиімділігін арттырғаны үшін материалдық көтермелеу мақсатында Басқарма төрағасы мен мүшесінің қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді. Сыйақы төлеу Қор есепті жыл ішінде шоғырландырылған қорытынды пайдаға қол жеткізген жағдайда жүзеге асырылады. 2024 жылы негізгі басқару қызметкеріне төленген және жалпы және әкімшілік шығыстарға енгізілген сыйақылардың жалпы сомасы 7 687 млн теңгені құрады. Бұл сома Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары үшін де, Қордың атқарушы органының мүшелері үшін де сыйақыларды қамтиды.